

К.э.н., доцент Елпанова М.А.

Магистрант: Басықараева Б.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Компанияның тұрақты дамуын бағалайтын көрсеткіштер жүйесі

Қазақстандық экономикада көптеген компаниялар үшін негізгі мақсат болып, тек тіршілік ету табылады, ал оны тұрақты дамыту үшін осындай тетік қажет. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар жасалды. Өртараптандыру және қайта құрылымдау үдерістерді қарқынды жүруде, компаниялар-одақтар, ассоциация формасындағы, басқа да бірлестіктерді құруға күш жігерін біріктіре отырып, холдингтер, концерндер, қаржылық-өнеркәсіптік топтары түріндегі өз бетінше әртүрлі корпоративтік құрылымдарды құра отырып, өзінің қоршаған ортасын құруға тырысуда. Нарықтық дамыған экономикасы бар елдерде, шаруашылық субъектілерінің түрленуіне байланысты, тұрақты даму ұғымы жаңа мәнге ие болды.

Барлық компанияларды шартты түрде 3 топқа бөлуге болады: тұрақты, орташа тұрақты және тұрақсыз. Тұрақтылық шегі негізгі критериймен анықталады. Тұрақтылық саласы егер оны координаттардың декарттық жүйесінде шартты көрсететін болсақ, шектің оң жағында болады және негізгі критерийді нақты деңгейі нормативтік деңгейден жоғары болатын барлық компанияларды қамтиды. Тұрақсыздық саласы координаттардың осы жүйесіне сәйкес тұрақтылық шегінің сол жағына орналасады және оған нормативтік деңгейден төмен критерийлер компаниялар қамтылады. Жекелеген топқа нормативтік деңгейден аз ғана асыңқы критерийлер компанияларды жатқызуға болады және оны орташа тұрақты компания деп атайды. Ол тұрақсыздық аймағынан тұрақтылық аймағына өтуді сипаттайды және көрсетеді.

Кейбір еңбектерде [1-3], компания егер ол нарықтық реттеуіш құралдарға тез және баламалы әрекет ететін болса және өз күшіне сене алатын болса тұрақты жұмыс істей алады деп санайды. Компания жаңа шаруашылық байланыстарды үнемі іздестіріп отыруы керек. Компания сыртқы нарыққа қызметінің географиясын кеңейту арқылы шыға алады.

Нарықта компанияның қаржылық жағдайын қамтамасыз етудің негізгі ерекшеліктерін анықтау мәселесін, теориялық тұрғыда ары қарай зерттеуді талап етеді. Оның ішінде қаржылық жағдайдың жекелеген түрлері бойынша көрсеткіштерді анықтаумен қарастырылатын және ары қарай өндірістік-шаруашылық жүйенің осындай жағдайын үлгілеуді басқару негізіне алынатын қаржылық-экономикалық тұрақтылықтың түрлерін бөліп көрсету қажет. Компанияның даму мониторингі арқылы басқарушылық үлгілерін жасау, нақты бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар жағдайда болжауға, яғни даму тұрақтылығына өту шарты ретінде қаржылық жағдайды қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеуге, өтуге мүмкіндік береді.

Кесте 1 - Абсолюттік өтімділік коэффициентінің сипаттамасы

Көрсеткіштер	Сипаттамасы
Норматив	Абсолюттік өтімділік коэффициент (Кал) - ақша қаражаттарымен және оның эквиваленттерімен ағынды міндеттемелердің қамтамасыз етілуін көрсетеді (құнды қағаздар және депозиттер)
0,2 төмен	1. Компания жедел түрде ақша қаражаттарының барлық түрлерін, және құнды қағаздарды өткізуден түскен өзге қаражаттардың есебінен міндеттемелерді төлеуге жағдайы жоқ 2. Компанияның төлемқабілеттілігіне қосымша талдау қажет
0,5 артық	1. Капиталды оңтайлықсыз құрылымы: қолма қол ақша түріндегі және шоттағы қаражаттардың жұмыс істемейтін активтерінің өте жоғары үлес салмағы. 2. Запастарға салынған меншік қаражаттарының айналымдылығы жеделдетіледі.
Е с к е р т у – Дерек көзі [4, б.114] автомен құрылған.	

Қаржылық жағдайды талдау барысында қаржылық көрсеткіштер салыстырмалы көрсеткіштер болып саналады. Олар компанияның қаржылық жағдайының абсолюттік көрсеткіштерінің қатынастарын, және олардың тізбектік комбинациясын көрсетеді. Тәжірибе көрсеткендей компанияның қаржылық дамуын және оның өзгеру тенденциясын нақты және толық бағалау үшін коэффициенттердің бір шамасы жеткілікті.

Жоғары 1 кестеде берілген абсолюттік өтімділік коэффициент (Кал) нақты кезеңге ақша қаражаттарымен және оның эквиваленттерімен ағынды міндеттемелердің қамтамасыз етілуін сипаттайды, яғни компанияның несиелік борышының қандай бөлігін компания тез түрде жаба алады.

Жедел өтімділік коэффициенті (Ксл) белгілі кезеңге ең өтімді активтерінің ағынды міндеттемелерімен қамтамасыз етілу деңгейін көрсетеді (сурет 1) [5].



Е с к е р т у – Дерек көзі [4, б. 114-115] негізінде автордың құрастыруы.

Сурет 1 – Жедел өтімділік коэффициентінің сипаттамасы

Ағынды өтімділік коэффициенті (К_{тл}) – ағынды міндеттемелердің 1 теңгесіне қанша ағынды активтер келетінін көрсетеді (сурет 2).

Компанияның қолда бар ақша қаражаттарымен уақытылы борышын жабу мүмкіндігін төлемқабілеттілік дейді. Бұл компанияның қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіш [6, б. 577].



Е с к е р т у – Дерек көзі [4, б.34] негізінде автордың құрастыруы.

Сурет 2 – Ағынды өтімділік коэффициентінің сипаттамасы

Компанияға ұзақмерзімді салымдары бар төлемқабілеттік коэффициентімен, меншік коэффициентімен, қаржылық тәуелділік коэффициентімен, несие берушілерді қорғау коэффициентімен анықталатын несие берушілер мен инвесторлардың мүдделерін қорғайды. Олар компанияның ұзақмерзімді борышын жабу қабілетін сипаттайды.

Меншік коэффициенті ($K_{\text{соб}}$) компания капиталы құрылымындағы меншікті капитал үлесін сипаттайды, яғни компанияның меншік иелері және несие берушілер мүддесін сипаттайды (сурет 3).




Е с к е р т у – Дерек көзі [4, Б.141-142] негізінде автордың құрастыруы.

Сурет 3 – Меншік коэффициентінің сипаттамасы

Сонымен қатар, егер компанияның қаржылық тәуелділік коэффициенті жоғары болса, онда оның ақша қаражатының дефициты пайда болады. Қаржылық тәуелділік коэффициенті 1 жоғары болса жаңа несиелерді орташа нарықтық ставкамен алу қиынға түседі және қаржыландыру көздерін таңдау туралы компания шешім қабылдаған сәтте рөлі арта түседі.


Қаржылық жағдайды сипаттайтын тағы бір көрсеткіш болып қаржылық тұрақтылық коэффициенті ($K_{\text{фy}}$), саналады. Ол шаруашылық субъектінің қызмет етуі мен дамуына; өзінің активтері мен пассивтерінің сыртқы және ішкі ортада тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді; тәуекел деңгейінің шектеулі мәнінде ұзақмерзімді перспективасында оның төлемқабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын сақтайды (сурет 4) [7, б.544].



Е с к е р т у – Дерек көзі [4, с. 145] негізінде автордың құрастыруы.

Сурет 4 – Қаржылық тұрақтылық коэффициентінің сипаттамасы


Қаржыландыру коэффициентінің ($K_{\text{ф}}$) – қызметтің қай бөлігі меншікті қаражат есебінен, қай бөлігі қарыздық қаражат есебінен қаржыландырылады,, яғни инвесторға компанияны қаржыландыру тиімді және қауіпсіз болады дегенді көрсетеді (сурет 5) [35, б. 293].



Ескерту – Дерек көзі [4, б.144] негізінде автордың құрастыруы.

Сурет 5 – Қаржыландыру коэффициентінің сипаттамасы

Қаржыландыру коэффициенті (K_k) – қарыздық қаражаттар мен капитализациялау сомасының қатынасын көрсетеді және компанияның меншікті капиталының пайдалану тиімділігінің деңгейін сипаттайды (сурет 6).



Ескерту – Дерек көзі [4, б.113].

Сурет 6 – Капитализациялау коэффициентінің сипаттамасы

Дағдарыстық құбылыстар компанияның қаржылық жағдайына қауіп төндіреді, бірақ соған қарамастан олар дамудың қажеттілігі мен заңдылығы. Осыған байланысты қаржылық-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету банкроттықтың алдын алуға мүмкіндік беретін әдіс және тәсілдерді зерттеумен байланысты басқару ғылымының жаңа бағытын білдіретін тұжырымдалған ұғым ретінде сипатталады, екінші жағынан оның

тұрақтылығын сақтау мақсатында нақты компанияға қатысты дағдарысқа қарсы процедураларды жүзеге асырудың формалар мен әдістердің жиынтығын білдіретін микроэкономикалық үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Нарықта қазақстандық компаниялардың кәсіпкерлік қызметі олардың сыртқы және ішкі қауіптерден қорғансыздығы, экономикалық тұрақтылықты төмендетуге әкеп соқтыратын заңның тұрақсыздығы басқару қағидалары мен тәсілдерін қайта қарауды туындатты және дағдарысқа қарсы басқаруды пайдалана отырып компаниялардың тұрақты дамытудың әдіснамасын қалыптастыруға ықпал етті. Компанияның кәсіпкерлік қызметін дағдарысқа қарсы басқару, экономикалық жүйенің тұрақтылығының теориялық және практикалық мәселелеріне арналған зерттеулердің ауқымды көлеміне қарамастан, компанияның қаржылық-экономикалық тұрақтылығын сақтауға дағдарысқа қарсы басқару әдістеріне әлі де жеткіліксіз көңіл бөлінуде.

Әдебиет:

1. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: учебник / В.В.Ковалев, О.Н. Волкова. – М.: Велби, 2008. – 420 б.
2. Анализ и диагностика финансово–хозяйственной деятельности предприятий: учебник / Н.Е. Зимин, В.Н. Солопова. – М.: Колос С, 2007. – 382 б.
3. Комплексный экономический анализ предприятия / А.П. Калинина и др. – Санкт–Петербург: Лидер, 2010. – 569 б.
4. Лисовская И.А. Основы финансового менеджмента. - М.: ТЕИС, 2006. – 120с.
5. Жуйриков К.К., Раимов С.Р. Корпоративные финансы: Учебник. – Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2004. – 512с.
6. Савицкая Г.В. Экономический анализ: учебник. 11-е изд., испр. и доп. – М.: Новое знание, 2005. – 651 с.

7. Шеремет А.Д., Негашев Е.В. Методика финансового анализа коммерческих организаций. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2008. – 208 с.